

Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 327 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 28 мамырдағы
№ 327 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 04.06.2019 № 363 (15.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2019 № 806; 28.12.2019 № 1000 қаулыларымен.

Р/с №	Жобаның атауы	Жобаның жалпы құны (мың. теңге)	Іске асыру кезеңі (жылдар)	Мемлекеттік кепілдік-тің мөлшері	Қарыз алушы	Әлеуетті қарыз беруші
1	Атырау солтүстік айналма жолын қоса алғанда, "Ресей Федерациясы шекарасы (Орскіге) – Ақтөбе – Атырау – Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға)" автомобиль жолының 616-833 км реконструкциялау"	117801914 мың теңге	2019 – 2022	103790233 мың теңгеге дейін	"ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі
2	"Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT (әуежайдан жаңа	698 559 957 мың теңге (1 887 999 883	2016 - 2020	1 600 000 000 А Қ Ш долларына	"Астана LRT" жауапкершілігі	Бағалы қағаздардың ішкі

	теміржол вокзалына дейінгі учаске) "	А Қ Ш долларына балама)		дейінгі балама	шектеулі серіктестігі	нарығындағы инвесторлар
3	"Қапшағай -Күрті" республикалық маңызы бар автомобиль жолының 0-67 км "Астана - Карағанды - Балқаш - Алматы" Орталық-Оңтүстік дәлізін реконструкциялау	39134495,16 мың теңге	2019 - 2022	34479731,42 мың теңгеге дейін	"ҚазАвто- Жол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі
4	"Мемлекеттің кепілдігімен "Азия Даму Банкі (АДБ) қарыз қаражат есебінен "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ның алдын ала тұрғын үй қарыздарын беруі" (Тұрғын үйді қаржыландырудағы гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі жоба")"	38000000 мың теңге	2019 - 2030	38000000 мың теңге	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы	Азия Даму Банкі